

Алматы қаласында миссионерлік қызметпен айналысатын шет елдік азаматтарды және азаматтығы жоқ адамдарды тіркеуді жүзеге асыру шаралары туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімінің 1997 жылғы 14 қазандағы N 602 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1997 жылғы 30 желтоқсанда N 2 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 2001 жылғы 15 маусымдағы N 411 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 15.06.2001 № 411 шешімімен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қыркүйектегі " Миссионерлік қызметпен айналысатын шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" № 1362 Қаулысының 2-тармағын орындау мақсатында Алматы қаласының әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласында миссионерлік қызметпен айналысушы шет елдік азаматтарды және азаматтығы жоқ адамдарды, тіркеуді жүзеге асыру жөніндегі жауапты адамдар болып аудандардың әкімдері белгіленсін.
2. Алматы қаласында миссионерлік қызметпен айналысуға рұқсат етудің үлгісі (№ 1 қосымша) бекітілсін.
3. Осы шешімінің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ә.Ж.Ыбыраевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі *В.Храпунов*
А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м і н і ң
1 9 9 7 ж ы л ғ ы 1 4 қ а з а н д а ғ ы
№ 6 0 2 ш е ш і м і н е
1 қосымша
Алматы қаласында миссионерлік
қызметпен айналысуға
РҰҚСАТ ЕТУ

№ _____ 199__ ж. " __ " _____

1. _____
(миссионердің тегі, есімі)
2. _____

(діни нанымы, қай діни бірлестіктің құрамына енеді)

3. _____
(руқсат берілген аумақ)

4. Осы руқсат ету _____ дейін жарамды.

Қолы